



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

9-дәріс

Химияны оқыту әдістері

Оқытушы: п.ғ.к., доцент Унербаева З.О.

Курс: 3-курс

Пән: Химияны оқыту әдістемесі

Дәріс жоспары:

- ✓ 1. Химияны оқыту әдісі туралы түсінік.
- ✓ 2. Оқыту әдістерінің эволюциясы.

1.Химияны оқыту әдісі туралы түсінік



Әдіс іс - әрекетті жүзеге асырудың бір жолы.

Әдіс терминінің мағынасы өте кең. Ол кез –келген адамның сарамандық және теориялық іс - әрекетінде белгілі бір мақсатқа жетудің қажетті мүмкіндіктерін игеруінің тәсілі.

Оқыту әдістері дегеніміз- «белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің іс-әрекеті мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу түрлері, тәсілі».

Оқытудың әдістері, құралдары, іс-әрекеті осы мазмұнды меңгеруге бағытталған. Бұл тұрғыдан қарағанда “химияны оқыту әдістері химия ғылымының мазмұнымен анықталады, өйткені әдіс дегеніміз – мазмұнның ішкі қозғалысы”.

“Оқыту әдісі” ұғымы

- Кез келген пәнді, мысалы, химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі жоғары оқу орындарында оқылатын негізгі пән болып табылатындықтан, ондағы көптеген ұғымдар мен көзқарастар педагогикадан алынып, химияға қатысты ерекшеліктермен толықтырылады.
- Оқыту әдістері – бұл педагогиканың аса маңызды категорияларының бірі.
- Бұл категорияға біз “ҚАЛАЙ ОҚЫТУ КЕРЕК?” деген сауалға жауап іздегенде шығамыз.

***“Оқыту әдісі” ұғымына анықтама берген төрт
ғалымдар тобы көзқарастарының негізгі
идеялары***



(И.Ф.Харламов, т.б.)

Мұғалімнің қызметі –
бірінші орында

(Ю.К.Бабанский, т.б.)

Мұғалімнің қызметі
(оқыту) оқушының
қызметімен (оқумен)
тығыз байланысты

(Н.В.Савин, т.б.)

Ұйымдастыру қызметінде
екі тарап тең құқылы әрі
олардың маңызы бірдей

(Т. А.Ильина, т.б.)

Мұғалімнің басты міндеті -
оқушыны оқу процесіне тартып,
оған өзінің оқу қызметін
ұйымдастыруға көмектесу

2. Оқыту әдістерінің эволюциясы



● Ғалымдардың пайымдауынша, ерте замандағы алғашқы қауымда **еліктеуге** негізделген оқыту әдістері басым болды. Үлкендер жинаған тәжірибені жас ұрпаққа беру процесінде негізінен ересектердің іс-әрекетін бақылап, қайталау әдістері қолданылады.

● Гуманитарлық ғылымдардың, ең алдымен психологияның дамуы қоғамда бала тек оқытуды ғана емес, өзінің ішкі қабілеттері мен жеке ерекшеліктерінің дамуын қажет етеді деген түсініктің пайда болуына әкелді. Осы түсініктің негізінде **дамыта оқыту** әдістері жасалып, олар кеңінен қолданыла бастады.

● Адам меңгерген іс-әрекеттер мен жинақталған білімнің кеңеюіне орай бала еліктеп қана тиісті мәдени деңгейге жете алмас еді. Осы себепті адам **сөзбен түсіндіре** бастауға мәжбүр болды.

● Оқыту әдістемесі саласында одан арғы ізденістерді **проблемалық оқыту әдістерінің** таралуына әкелді. Оқушының білімге өздігінен қозғалуына негізделген әдістің бұл түрінен қоғам үлкен үміт күткен болатын.

● Сөзбен түсіндіріп оқытудың негізгі дайын ақпаратты беру болды. Бұлай етіп оқыту ауызша, жазбаша, кейінгі уақытта басылған сөздер арқылы жүзеге асырылады. Оқушының міндеті оған берілетін ақпаратты дұрыстап жаттап алу болатын. Мұндай оқыту **догмалық** деп аталып, өзінің шарықтау шегіне орта ғасырларда жетті.

Адамзаттың дамуымен қатар оқыту оқыту әдістерімен бірге оқыту тәсілдері де күрделі өзгеріске ұшырады. Бұл процеске, біз білетініміздей, өндірістік күштер деңгейінің жоғарлауы мен өндірістік қарым-қатынастар сипатының өзгеруі күшті әсер етті. Оқыту әдістері дегеніміз-«белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің іс-әрекеті мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу түрлері, тәсілі». Кез келген пәнді, мысалы, химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі жоғары оқу орындарында оқылатын негізгі пән болып табылатындықтан, ондағы көптеген ұғымдар мен көзқарастар педагогикадан алынып, химияға қатысты ерекшеліктермен толықтырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер



- З.О.Унербаева, О.К.Кулумбетова. Химияны оқыту әдістемесі.Оқулық/-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2022.-520 бет.
- Программа повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителя «Эффективное обучение».-2016
- Руководство для учителя «Лидерство учителя в школе». АО «Назарбаев интеллектуальные школы»-2016
- Руководство для учителя в рамках обновления содержания образования Республики Казахстан. АО «Назарбаев интеллектуальные школы»-2016
- З.О.Унербаева. Химияны оқытудың теориясы мен әдістемесі.-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2021.-520 бет.
- З.О. Өнербаева Педагогикалық практика әдістемесі (химия пәні негізінде). Оқу құралы. Алматы, 2010.
- З.О.Унербаева, О.К.Кулумбетова. Критериалды бағалау технологиясы.-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2021.-322 бет.
- www.chemistry.r2.ru
- www.center.fio.ru

Назарларыңызға рахмет!